

## «ҮШ ТҰҒЫРЛЫ ТІЛ» САЯСАТЫНЫҢ БОЛАШАҚ ҰРПАҚ ҮШІН МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Саяжанова А.Ж.

Ғылыми жетекші: т.ғ.к., доцент Кентбек С.Қ  
Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

Қазіргі таңда бүкіл әлемде өмір сүріп жатқан адамдар сан алуан тілдік ортада өмір сүруде. Бұл жаһандық үрдістен біздің еліміз де тыс қалған жоқ. Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуындағы басым бағыттардың бірі – қазақстандықтардың үш тілді меңгеруі болып табылады. Тәуелсіздікке қол жеткізген жылдардан бері әлемдегі көптеген елдермен саяси-әлеуметтік, экономикалық және мәдени байланыс жасауға кеңінен бет бұрдық. Бұл қарым-қатынастың нәтижелі болуы және ел мен елдің, халық пен халықтың өзара ынтымақтасқан бірлігін өркендетуде тіл білудің мәні күн сайын арта түсуде.

Көп тілді білу – жас ұрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашатын, әлемдік ғылым құпияларына үніліп, өз қабілетін танытуына мүмкіндік беретін бүгінгі күнгі ең басты қажеттілік болып отыр. Сондықтан да елімізде үштілді саясатты жүргізу барысында үш тілдің орны, беделі, қолданыс аясы мұқият болуды қажет етеді. Әйтпесе әр тілдің орнын белгілеуде шатасудың орын алуы әбден мүмкін. Қазірдің өзінде осы тілдік саясатты жүзеге асыру барысында сыни пікірлер айтылып жатқаны, осы ойымызды дәлелдейді. Ағылшын тілінде білім алып, жұмыс істеу мақсатындағы көп тілділік заманауи талапқа сәйкес пайда болды. Бүгінгі мектеп түлектері – ертеңгі университет студенттері мен мұғалімдер, зерттеушілер мен ғалымдар және болашақ мамандар. Қазақ тіліне басымдылық бере отырып, жүргізіліп жатқан «Үш тұғырлы тіл» саясатының мақсаттары айқын және оның қарқынды дамуы керек екендігіде сөзсіз. Сонымен қатар, ол әлем өркениетіне бейімделген, бәсекеге қабілетті адамды дайындайтын үш тұғырлы білім мақсаттарымен үйлесімді болатыны хақ. Қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде, орыс тілін ұлтаралық және ағылшын тілін халықаралық тіл ретінде игеру болашақ ұрпақ үшін аса қажет болады, онсыз халықаралық деңгейге шығу да мүмкін емес.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев Қазақстанда қазақ, орыс, ағылшын тілді қолдану, енгізу туралы ойды тұңғыш рет 2006 жылы Қазақстан халқының Ассамблеясында жариялады. Ал, 2007 жылы Елбасы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» Жолдауында «Тілдердің үш тұғырлығы» «Триединство языков» мәдени жобасын қолға алуды ұсынған болатын. Бұдан кейін 2008 жылғы ақпандағы Қазақстан халқына Жолдауында: «Үкімет «Тілдердің үш тұғырлығы» мәдени жобасын іске асыруды жеделдетуі тиіс. Бүкіл қоғамымызды топтастырып отырған мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін оқыту сапасын арттыру қажеттігіне ерекше назар аударғым келеді», - деді [1]. Осылайша, қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық қарым-қатынас тілі және ағылшын тілі – әлемдік экономикаға, әлемдік қауымдастыққа кірігуімізге қызмет етеді деп көрсетті. Тоқтала кетсек, үш тұғырлы тіл идеясын мынадай қарапайым, әрі түсінікті формуламен көрсетуге болады: мемлекеттік тілді дамытамыз, орыс тілін қолдаймыз және ағылшын тілін үйренеміз. Сонымен бірге, Елбасы өзінің 2011 жылғы «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Мен қазіргі заманғы қазақстандық үшін үш тілді білу – әркімнің дербес табыстылығының міндетті шарты екендігін әрдайым айтып келемін. Біздің міндетіміз – 2020 жылға қарай мемлекеттік тілді білетін қазақстандықтар санын 95%-ға дейін жеткізу. 2020 жылға қарай ағылшын тілін білетін тұрғындар саны кемінде 20%-ды құрауы тиіс деп есептеймін» деген болатын [2]. 2011 жылғы 29 маусымда Қазақстан Республикасы Президенті Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекітті. Бұл бағдарламада үш тілді (қазақ, орыс және ағылшын) меңгерген тұрғындардың үлесін (2014 жылға қарай - 10%, 2017 жылға қарай- 12%, 2020 жылға қарай- 15%-ға дейін) ұлғайту көзделген. Бағдарламаның негізгі мақсаты ол Қазақстанда тұратын барлық этностардың тілдерін сақтай отырып, ұлт бірлігін

нығайтудың аса маңызды факторы ретінде мемлекеттік тілдің кең ауқымды қолданысын қамтамасыз ететін үйлесімді тіл саясаты болып табылады.

Көп тілді білім беру үдерісінің алдында тұрған міндеттері күрделі, ауқымды әрі алуан түрлі. Солардың ішіндегі ең бір өзектісі, рухани-тарихи маңызы бар, ұрпақ тәрбиесі мен болашағы үшін орны ерекше мәселе- қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін мемлекеттің бүкіл аумағында, қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылуын іс жүзінде қамтамасыз ету болып табылады. Жоғарыда атап өткен мемлекеттік бағдарламада халықтың қазақ тілін меңгеру деңгейін былайша жоспарлаған: мемлекеттік тілді меңгерген ересек тұрғындардың үлесін (2014 жылға қарай - 20%, 2017 жылға қарай - 80%, 2020 жылға қарай - 95%); мемлекеттік тілді В1 деңгейінде меңгерген мектеп түлектерінің үлесін (2017 жылға қарай - 70%, 2020 жылға қарай - 100%) [3, 175б.]. Жоғарыда айтылғандың барлығын ескере отырып, тіл тағдыры – ел тағдыры деп айтсақ қателеспеспіз. Өркениетке құлаш ұратын елдің өрісі қашанда білікті де, саналы ұрпақпен кеңеймек. Жаһанданудың лебі есіп тұрғанда көп тілді игергенге ешкімнің таласы бола қоймайды. Көп тілді білім берудің негізгі мақсаты – оқушыларды білімді, тәрбиелі, дарынды, жан-жақты тұлға ретінде қалыптастыра отырып, оларға өздерінің білімін әрі қарай Қазақстаннан сырт елдерде, мысалы, Ресей, Еуропа, Америка мен Азияның алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарында жалғастыруына мүмкіндік беру. Бұл өз алдына білім беру сапасының, ғылым салаларының дамуы мен ілгері басуына алып келуі тиіс. Әлемдегі дамыған елдердің санатына енуді көздеген халықтың басты мақсаты сауатты ұрпақ тәрбиелеу. Ол дегеніміз – ана тілін терең меңгерген, сол тілде еркін сөйлей алатын, сонымен қатар бірнеше халықтың тілін білетін ұрпақты тәрбиелеу болып табылады. Білім мен ғылымның, инновацияның, жалпы Қазақстанның дамыған жағдайында Елбасы біздің алдымызға үш тілді меңгеру қажеттігін қойды. Бұл еліміздің ертеңіне қажетті аталмыш жобаны халқымыздың негізгі топтарына белгіленгендігі айқын. Солардың бірі – мектепке дейінгі білім мен тәрбие беру мекемелерінде кеңінен енгізу қадамдары. Еліміздің ертеңі, халқымыздың болашағы оқушы жастар көп тілді білім алып жатса, соның негізінде тамыр тереңдететін, жапырақ жайқалтатын тәуелсіз Қазақстанның мақтаныштары болмақ. Сонымен қатар, осы тұста А.Байтұрсыновтың тіл үйренуге қатысты мына пікірін еске түсірген жөн: «Бала ең алдымен, өз ана тілінде ойлауы, сөйлеуі, білім алуы шарт». Демек, ана тілінің нәрімен сусындап, өз ойын еркін жеткізуге дағдыланған балаға екінші, үшінші, төртінші тілдерді толығымен үйретуге болады. Сондай-ақ, орта білім беретін мектептердің өзінде оқушылардың үш тілді бірдей деңгейде меңгеруі де білім сапасына байланысты екендігі белгілі. Мұндай нәтижеге қол жеткізу мүмкіндігі, негізінен тілдерді тереңдетіп оқытатын гимназиялар түлектерінде басым деуге болады. Сондықтан, қандай мектеп болмасын, ең бірінші кезекте шәкірттерінің мемлекеттік тілде еркін сөйлеуі, яғни, қазақ тілін жетік меңгеруі міндеттелуі тиіс. Алайда, Қазақстан азаматтарының, яғни, біздің парызымыз – «өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте» дегендей, мемлекеттік тілді меңгеріп қана қоймай, шет тілдерді де білу деген пікір білдіреміз. Көп тілдік, үш тұғырлы тіл ұлт келешегінің де, ұрпақ келешегінің де кілті екендігі бәрімізге мәлім. Сонымен, біз көрсеткендей тілдердің үш тұғырлылығы – уақыт талабы. Үш тілді білу жас ұрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашады. «Үш тұғырлы тіл» идеясы – жарқын болашақтың кепілі болып табылады [4].

Біз Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің химия факультетінің студенттерінің арасында сауалнама жүргіздік. Бұл шағын сауалнама нәтижесі бойынша студент жастардың тілге деген құрметі, өзге тілге деген ынтызарлық және қызығушылық ерекше орын алды. Ал, мемлекеттік тілдің ерекшелігі Отан сүйгіштік, патриоттық сезімді қалыптастырғандығын көрсетті. Олай болса, «Үш тұғырлы тіл» саясатын негізге ала отырып болашақ ұрпақ үшін мынадай жайттарға көп назар аударуымыз керек: ол қазақ тілінің жетік меңгерілуі; еліміздің әлеуетін көтеру үшін тіліміздің оқыту жүйесін шет елдердің оқыту жүйесінің деңгейіне жеткізу; үш тілді жетік меңгерген оқытушылардың санын арттыру және осыған сәйкес білім сапасын көтеру.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру – мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» атты Жолдауы. 2008 жыл, 6 ақпан.
2. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз» атты Жолдауы. 2011 жыл, 29 қаңтар.
3. Хасанұлы Б. Мемлекеттік тіл: әлеумет және жастар. - Алматы, 2013.-200б.
4. Табынұлы Т. «Үш тұғырлы тіл: Бәсекеге қабілетті ұлт болудың бірінші сатысы» // «Айқын апта» газеті - 2011 жыл, 29 наурыз.

### **АУҒАН – КЕҢЕС СОҒЫСЫНЫҢ БАСТАЛУЫ**

Түсіпбек Қ.Е.

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.к., доцент Абдрахманова Қ.Қ.  
Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

Ауғанстан – территориялық жағынан алғанда Орталық Шығыстағы үлкен ел.

Шығыстағы (Хайбер таулы асуынан) батысқа (Зульфигор шатқалына) дейінгі шекара 960 шақырымдық ең үлкен арақашықтықты құрайды. Солтүстіктен оңтүстікке дейінгі тікелей арақашықтылық (Амудария өзеніндегі Хамааб бекетінен Чагай тауларының оңтүстік шетіне дейін) тура 800 шақырым. Ауғанстанның жалпы аумағы 652,2 мың шаршы шақырым.

Ауғанстанмен 5 мемлекет шекараласады: солтүстікте – бұрынғы кеңестер одағы құрамындағы Орта Азия мемлекеттері, солтүстік – шығыста Қытай Халық Республикасы (ҚХР) мен Үндістан, батыста – Иран, оңтүстік – шығыста – Пәкістан. Шекара сызығының барлық аумағы – 5425 шақырым, оның – 2356 шақырымы Орта Азия мемлекетімен, 75 шақырымы ҚХР – мен, 120 шақырымы Үндістанмен, 820 шақырымы Иранмен, 2480 шақырымы Пәкістанмен шекарны құрайды.

Орталық Азиядағы ең көне қалалардың бірі Кабул, Ауғанстан мемлекетінің астанасы болып саналады. Кабул – көптеген ғасырлар бұрын бой көтерген қала.

Ауғанстан жерінің 4/3 бөлігі таулы. Елдің солтүстік шығысынан – оңтүстік батысына қарай өте ірі Гиндикуш тау жоталары созылып жатыр. Оны Ауғанстанның солтүстігі мен батысында Паропамид және Сафеднах жоталары алмастырады. Оңтүстігін Газни – Қандағар таулы үстірті алып жатыр [1, 8 б.].

Ауғанстан халқы 20- дан астам әр түрлі этникалық топтардан құралған. Ұлт ретінде қалыптасу процесі XVII – XVIII ғасырларда аяқталды. Саны 20 млн 547 мың. Оның ішінде 5 млн-ы Кеңес – Ауған соғысы, одан кейінгі уақыттарда орын алған ішкі жанжалдар салдарынан Пәкістан, Иран, сонымен қатар АҚШ, Канада және т.б. батыс елдерінде тұрып жатқан босқындар (1996). Ауғандықтардың 48 % - ын пуштундар құрайды, олар дуррани, гильзай, хоттак, уәзір, африд, кака сияқты тайпалар мен тайпалық одақтарға бөлінеді. Бұлардың барлығы да үлкен Еуропа расасының Үнді – Жерорта теңізі нәсіліне жатады, Үнді еуропа және дари (тәжік) тілдер шоғырының иран тобына жататын пушту (пашто) тілдерінде сөйлейді. Этногенезі толық анықталмаған, негізінен, үнді, тәжік, түркі халықтарының араласуы барысында қалыптасқан.

Шамамен алғанда елдің этникалық құрамы мынадай:

Пуштундар – 9 млн адам (халықтың жалпы санының 48 %)

Тәжіктер – 4 млн (20%)

Хазарлықтар – 2 млн (10%)

Өзбектер – 1,7 млн (8%)

Түркімендер – 0,5 млн (3%) басқа ұлттар (арабтар, пашайлар, муритандықтар, үндістер т.б) – 2,6 млн (14%) [2]

Ауғанстан экономикалық даму жағдайы жөнінде 1977 жылы 129 дамушы мемлекеттердің арасында 108-ші орынды иеленді. 1979жылы басталған соғыс ел